

«ЫНТЫМАҚ АҚТАУ» БАЛАЛАР КОМБИНАТЫ» ЖШС

«ЕРКЕТАЙ» ЖЕКЕМЕНШІК БАЛАБАҚШАСЫ

“Құтты болсын жаңа жыл!”

атты «Құлынишақ» тобының мерекелік ертеңгілігі.

Дайындаған: Тангибаева А.К.

2015 – 2016 оқу жылы.

1. Титул парағы:

Авторы: Тангибаева Айгуль Кожжаевна

Білім беру ұйымы: «БІнтымақ Ақтау» балалар комбинаты» ЖШС
«Еркетай» балабақшасы

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Атамекен с/о, Қаламқас тұрғын үй
массиві, №180үй

Лауазымы: тәрбиеші

Почта: derketay@mail.ru

Байқау және номинацияның аталуы: «Жаңа жылдық букет» интернет
байқауы, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған жаңа жылдық
сценарий

Сценарий: «Құтты болсын Жаңа жыл!»

Бағдарлама: Ортаңғы 4-5 жас санатына арналған.

Жіберілген күні: 8 қаңтар 2016жыл.

2. Түсініктеме хат

Іс – шараның мақсаты: балаларға қыс мезгілінің басқа мезгілдерден
өзгешелігін түсіндіру, қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін атау.

Міндеті: балалардың сөздік қорларын молайту, ой-өрісін дамыту,
қызығушылығын арттыру, мерекелік көңіл- күй сыйлау.

Өткізу орны: «Ән саз» залы

Реквизит: БСН: 130240002356, КБЕ: 17

ЖСК: KZ33319N010005928399

БСК: AVKZKZKX

МФ БТА банкі

Мекен жайы: Ақтау қаласы, 4ш/а, 66үй, 31 п

Қатысушылар: аяз ата, қарша қыз, мыстан кемпір, қой, мешін

3. Іс – шараның сценарийі:

« Құтты болсын жаңа жыл»

Жүргізуші:

Даламызға, қаламызға
Жаңа жыл кіріп келеді
Қартыңызға, балаңызға
Жалынды сәлем береді.
Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар
Таңырқап қалмаңыздар.
Сәнді шырша шақырады
Шыршы жырын жырлаңыздар.
Келіңіздер, келіңіздер,
Би де билеп беріңіздер.
Қызығы мол Жаңа жылдың
Тамашасын көріңіздер.

(музыка әуенімен залға Мыстан кіреді)

Мыстан кемпір: Міне, менде келіп қалдым.

Жүргізуші: Кімсің сен?

Мыстан кемпір: Қалай кім? Мен Ақшақармын.

Жүргізуші: Сен Ақшақар болсаң, Аяз ата қайда?

Мыстан кемпір: Сендерге асығамын деп сыйлықтарын шашып алды. Қаптың түбі тесік екен.

Жүргізуші: Олай болса, Ақшақардың келуіне бір ән айтып жіберейік.

Ән: «Аппақ, аппақ жапалақтап»

(билеп жүргенде Ақшақардың киімі түсіп қалады)

Жүргізуші: Мынау Ақшақар емес қой.

Балалар: Ия, ол Ақшақар емес.

Жүргізуші : Сен Мыстан екенсің ғой. Ақшақар қайда? Қайда тықтың айт кәне?

Мыстан кемпір: Балалар, кешіріңізші мені?! Қазір Ақшақарды алып келемін.

(Ақшақар көңілсіз кіріп келеді).

Жүргізуші: Мыстан кемпір Ақшақарды әкелем дегенше тақпақтарымызды айтайық.

Құтты болсын Жаңа жыл
Жаңа күй келді жаңа жыр.
Деп құттықтап барлығын
Сүйкімді бір бала жүр.

Қ. Кәусар.

Бүгін біз көңілдіміз
Жаңа жылды қарсы алып.
Мерекеге келгендерді
Құттықтаймыз ән салып.

Захар.

Міне қызық тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Аида.

Ақ сақалды таяқты,
Қалың қырау қабақты.
Аяз ата біздерге,
Базарлығын таратты.

Мейіран.

Жаңа жылмен, жаңа жылмен,
Құттықтаймыз әрине.
Әкемізді, анамызды
Қонақтардың бәрінде.

Ербол.

Жүргізуші : Ақшақар, сен неге көңілісің? Сен көңіліңді кім түсірді? Қазір біздің қыздар "Ақшақар"биін билеп береді.

Би: «Ақшақарлар»

Ақшақар: Рақмет. Балалар, енді Аяз Атаны да шақыратын уақыт келді.

Балалар: Аяз ата аууууууу, ауууууу!!!

(музыка әуенімен Аяз ата мен қой кіреді)

Аяз ата:

Естіп жатырмын, естіп жатырмын
Келе жатырмын, келе жатырмын
Жаңа жылдарыңмен, жаңа жылдарыңмен

Балаларым балғыным

Өмір гүлім, шуағым

Тілегенім жыл бойы

Сендердің ден-саулығың

Амансың ба, ұлдарым!

Аппақ ару қыздарым!

Мен сендерге әкелген

Құтты болсын жылдарың

- Сәлеметсіңдер ме, балаларым!?

- Айтпақшы, менің немеремді көрдіңдер ме? Жолда келе жатып, сыйлықтарымды шашып алып жинаймын деп жүргенде Ақшақарды жоғалтып алдым. Тауып беріндерші балалар.

Жүргізуші : - Сәлеметсіз бе, Аяз ата?! Көптен күткен Аяз атамыз келіп қалыпты. Аяз ата сіздің Ақшақар қызыңыз осында.

Ақшақар: - Ата, мені мына Мыстан ұрлап кетті. Оны жазалаңызшы.

Аяз ата: Эй, Мыстан мында кел, сен неге менің немеремді ұрладың. Қазір мен сені мына сыйқырлы таяғыммен қатырып тасайын ба?....

Мыстан кемпір: Мен Ақшақардай әдемі, сұлу болғым келді, бар жазығым сол.

Кешіріндерші мені балалар.

Жүргізуші: Балалар шыршамызға қараңдаршы. Оған не жетіспей тұр?

Балалар: Шыршаның жарығы жоқ.

Аяз ата: Қуант бізді таңырқант,
Шамдарыңды жарқырат.

(ата сиқырлы таяғын жерге үш рет ұрғанда, шырша шамдары жанады)

Жүргізуші: Ата сіз алыс жолдан шаршап келдіңіз. Төрге жайғасып отырып, балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.

Теңіздей тербетіліп көл бетінде,

Бишілер билеп кетті тербетіле.

Аққудай қалықтаған теңіздегі

Бишілер өнерлерін көрсетуде.

«**Жаңа жылдық вальс**».

Тақпақтар:

Оралды өлкеме

Жаңа жыл армысың.

Оранды ақ көрпе

Асқар тау қарлы шың.

Аяулым.

Жаңа жылда жаңаша,

Өн мен тақпақ айтамыз.

Болсын риза балаша

Аппақ аяз атамыз.

Данияр.

Даланың да, қаланың
Думандатып өт басын.
Келді міне жаңа жыл
Қақты уақыт қақпасын.

Русланбек.

Ақ қырауға малынған,
Сақалы да, мұрты да.
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына.

Нұржан.

Келеді Аяз атамыз,
Қуанышқа әбден батамыз.
Келеді әне Қарша қыз,
Қарсы аламыз баршамыз.

Ержан.

Сақалы аппақ күмістей
Тістері аппақ күріштей.
Қызыл ала шапаны
Сағындым аяз атаны.

Ерболат.

Көне жылда бітіп қалды,
Мейірімді жақсы жыл.
Біздер бірақ мұнаймаймыз,
Келе жатыр жаңа жыл.

Бекбол.

Жасыл желі жамылған,
Асыл моншақ тағынған.
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған.

Асел.

Ойын: Аяз атамен бірге. «Қатып қалған ескерткіш»

(музыка ырғағымен залға секіріп Мешін кіреді)

Мешін: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! 2016ж Мешін жылы- менің жылым.

Денсаулықтарың мықты болсын, қуаныш көп болсын, балабақшаны босатпаңдар, ата-аналарыңа қолқанат болыңдар. Апайларыңның тілін алыңдар, ақылды бала болыңдар, Жаңа жылдарың құтты болсын.

Тақпақтар:

Үйге кіріп жаңа жыл,
Өлең айтты жаңа бір.
Қарсы алып аяз атаны
Мәз болып барлық бала жүр.

Бақдәулет.

Азаймасын ән мен жыр,
Ол көңілін көтерсін.
Құтты болсын жаңа жыл
Бақыт, дәулет әкелсін

Яссы.

Қарсы аламыз құрметпен
Аяз деген атаны.
Өлең айтсаң конфетке
Тойдыратын баланы.

Ерасыл.

Сылдырлайды моншағы
Шыршамыздың мол шамы.
Бізбен бірге жайдары
Жарқырайды жайнайды.

Асима.

Аппақ – аппақ ақша қар
Қар жамылды бақшалар.
Сырғанаққа қыс келді,
Тоңғақ бала жасқанар.

Айнұр.

Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап.
Жаңа жылда келеді
Бізге қарап жылыстап.

Айзере.

Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген.
Қандай әсем шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз.

Нұрбол.

Ойыншық ілдік шыршаға,
Жаңа жылды қарсы алып.
Мәз боламыз бір шама
Қызыл – сары шам жанып.

Даяна

Би: «Коко чамбо».

Ойын: «Шыршаны безендірейік».

Қой: Балалар, мен өзімнің басымдағы тәжімді Мешінге тапсырайын деп тұрмын. Менің ойымша мен сендерге жақсы жыл болдым деп ойлаймын. Мешін жылы да сендерге берекелі, несібелі жақсы жыл болсын. Сау болыңдар!

Ән: «Шырша әні»

Тақпақтар:

Құтты болсын жаңа жыл
Жаңа күй келді жаңа жыр.
Деп құттықтап барлығын
Сүйкімді бір бала жүр.
Арай.

Базарлықты баршаға
Әкеліпті ол тағы.
Қарасын деп тамсанып,
Безендірдік шыршаны.
Мейрамбек.

Қызыл ала шапаны
Сағындым аяз атаны.
Жылдамырақ келсе екен,
Бізге ойыншық берсе екен.
Айгерім.

Тілеймін мен бар адамға
Жаңа бақыт, жаңа жыр.
Ата – әже, әке – шеше,
Құтты болсын жаңа жыл.
А. Кәусар.

Ән: «Жаңа жыл, Жаңа жыл!».

Аяз ата: Қандай өнерлі балалар екенсіңдер. Балалар, біздердіңде кететін уақытымыз болды. Сендерге көп-көп рақмет.

Мыстан кемпір: Жоқ, ата кетпеші. Мен балаларға жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Жұмбақ :

Ақ сақалды шал жылына ,бір ақ рет келіп кетеді.

Қызы мен ұлына, сыйлық алып келеді. (Аяз ата)

Аяз ата: - Жарайсыңдар, балалар мен бүгін қуанып алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарыңызда ақылды, өнерлі екенсіңдер. Киген киімдеріңде өте әдемі екен. Біздің әкелген сыйлықтарымызға риза болыңыздар. Енді біз жолға шығайық, Қош сау болыңыздар, балалар!

Жүргізуші: -Құрметті қонақтар, балалар, ата-аналар. 2016 Жаңа жылдарың құтты болсын!!! Жаңа жыл жаңа бақыт, жаңа табыс әкелсін! Мешін жылы мерекелі де, берекелі жыл болсын!!!

4. Әдебиеттер тізімі

1. «Отбасы және балабақша» №6.2013ж, №1.2014ж
2. «Бала мен балабақша» №12.2012ж, №1. 2013ж
3. «Бала тәрбиесі» №2.2006ж
4. «Музыкалық жетекшінің анықтамалығы» 2012 желтоқсан.

5. Қосымша:

“ЕРКЕТАЙ”
балабақшасының ұжымы



2016 ЖЫЛ

